ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

08 тамыз 2023 жыл №3514-23-00-2/3097 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г. Ондасынованың,
сот отырысының хатшысы А.Абажновтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«StroyStandart» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Қисамеден;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қарқаралы қаласының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «StroyStandart»жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында жалпы сомасы 14 336 137 теңгеге 25 сәуір 2023 жылы «Қарқаралы қаласындағы жолдарды ағымдағы жөндеу» нысаны бойынша, жұмыстардыорындау туралы негізгі І62 шарт (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін келісім шарт күшіне енген күннен бастап маусым-шілде айынан кешіктірмей аяқтауды, яғни 01 тамыз 2023 жылға дейін тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызын түсірген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қою арызды толық қолдап, соттан оны арызда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі Раев Н.А. телефон желісінде интернет болмағандықтан сот отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде хабарлап, сот отырысына ЖШС атқарушы директоры Раев М.А. телефон арқылы қосуды өтінді.

Сот отырысында куә Раев М.А. тамыз айынан бастап міндетті түрде Қарқаралы қаласындағы жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізуді бастайтындарын баяндады. Шартты бұзбай, жұмыстарды орындауға мүмкіндік беруді өтінді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы No434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, жауапкер бүгінгі күнге дейін Қарқаралы қаласындағы жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарын бастамаған.

Талап қоюшының талабы жоғарыда көрсетілген шартпен, шарттың №1 қосымшасымен расталады.

Сотта анықталғаны жауапкер өз міндеттерін 2023 жылдың 01 маусымында жөндеу жұмыстарын бастамағандығы белгілі болған, талап қоюшы Заңда белгіленген 30күндік мерзімінен кешікпей, талаппен 2023 жылдың 14 маусымында сотқа жүгінген.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне сот шығыны 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Құжатқа қол қойылған: Ондасынова Г. О., 15.08.2023

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «StroyStandart» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «StroyStandart» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «StroyStandart» ЖШС-нен мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.О. Ондасынова

Көшірме дұрыс.

Судья: Г.О. Ондасынова

анықтама

Шешім заңдық күшіне енген күн 18.09.2023 жылы

Судья: Г.О. Ондасынова